



SARYARQA SAMALY

Павлодар облыстық газеті
1929 жылғы 15 ақпаннан шығады

✉ ssamaly29@gmail.com

🌐 www.saryarka-samaly.kz

📘 facebook.com/saryarqasamaly

📷 @saryarqa_samaly

📱 @saryarqa_samaly

13 тамыз, сенбі
2022 жыл
№90 (15858)

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

Сараланған тариф енгізіледі



Суретті түсірген - Есенжол Исмабек

Жыл соңына дейін облыс орталығындағы қоғамдық көліктерде сараланған тариф енгізу жоспарлануда. Енді Павлодар қаласының тұрғындары үшін жол жүру құны қолма-қол ақшамен төлегенде 130 теңгені құрамақ. Ал электрондық төлем бойынша жол ақысы 80 теңге болып қала береді.

Жалғасы 2-бетте ►►

Шамшырақ:

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ӘЗІРЛІК ҚАЛАЙ?

Жаңа оқу жылының басталуына аз уақыт қалды. Ата-аналардың басым бөлігі дүкен аралап, балаларына мектеп формасын, кеңсе тауарларын алуға әзірлікті әлдеқашан бастап кетті. Ал облысымыздағы білім беру нысандарының дайындығы қандай? Оқу бағдарламасында жаңашылдықтар бар ма? ҚР Үкіметінің №64 Қаулысында не өзгерді? «Мектепке жол» акциясы аясында көмекті қалай алуға болады?

Толығырақ 6-7-беттерде ►►

Нақпа-нақ

«Google салығы»
бойынша
ел бюджетіне

3 млрд
теңге аударылды

ӨЗГЕРІС

Заңмен реттеледі

Қазақстанда соңғы жылдары қайырымдылық және волонтерлік ұйымдардың қарқыны өскен.

Осы орайда оларға қатысты заңға толықтырулар енгізіліп, заңды құжат қыркүйекте күшіне енеді. Заңнамалық түзетулер әдеттегідей сала бағыттарын реттеуге емес, ынталандыру мен дамытуға бағытталған. Заңда алдымен «волонтерлік қызмет», «қайырымдылық волонтері», «волонтерлік қызмет саласындағы уәкілетті орган» ұғымдары нақтыланып, мемлекеттік гранттардың тиімділігіне бағалау жүргізу жөніндегі нормалар күшейтілген. «Пандемия кезінде көптеген волонтерлер мен волонтерлік ұйым халыққа, дәрiгерлер мен өскерi қызметкерлерге көмектескені бiрiншi аян. Бiрақ оларда жоқ бiлiмдерi мен кеңселерi, сонымен қатар сақтау орындары болған жоқ. Осыған байланысты азық-түлік пен медициналық жиынтықтарды қалыптастыра алмады. Бiздiң iз-түссiз жоғалған адамдарды өзiрiкiн айналыстан бiрiншi волонтерлiк ұйым бар. Оларда да жабдықтар мен мүлiктерiн қоятын жер жоқ. Себебi олар коммерциялық қызмет көрсетпедi және қаржыландырылмайды. Осыған байланысты депутаттар түзетулер енгiздi», депi Мәжiсiс депутаты, жұмыс тобының жетекшiсi Вера Ким Орталық коммуникациялар қызметiнде өткен брифингте. Ендi жаңа заңға сәйкес волонтерлерге үй-жайлар сатып алу құқығынсыз ұзақ мерiмдi жалға берiледi.

Ал қайырымдылық жасау мақсатында қаржы жинайтын блогерлерге ендi келесi шартпен жұмыс iстеуге тұра келедi. Халықтан беталды ақша жинау заңмен реттелiп, қадағаланады. Блогерлер заңға бағынбай, келiсiмшарт жасамай, қайырымдылық iсi үшiн деп халықтан ақша жинаса, ол заңсыз әрекет болып өсетiледi. Яғни, ол - алаяқтық. Ебiжақты келiсiмге келу қайырымдылық жасау кезiнде түсiнiспеушiлiк, дау-дамай туындаған жағдайда мәселенi заңмен реттеу үшiн енгiзiлiп отыр. Келiсiмге келсе, қайырымдылық үшiн жиналған қаржыға қатысты ешқандай артық сұрақ туындамайды. Сондай-ақ «егер блогер қандай да бiр қайырымдылық қорының атынан жұмыс жүргiзсе, онда ол жүргiзген ұйыммен келiсiмшарт жасасуы тиiс. Ал егер блогер өздерiнен қайырымдылықпен айналысса, онда көмек көрсететiн адаммен келiсiмi болуы керек», деп косты Вера Ким.

Өз тiлшiмiз.